

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
СПОРТ МИНИСТРЛІГІ ЮНЕСКО ҚАМҚОРЛЫғыНДАҒЫ
«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТЕРДІ ЖАҚЫНДАСТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ»
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ КАФЕДРАСЫ
ЖАМБЫЛ АТЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

ҰЛЫ АҚЫН ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ
175 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН
«ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ МҰРАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ
ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ» атты
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 24 ақпан 2021 жыл

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«МЕСТО И ЗНАЧЕНИЕ НАСЛЕДИЯ ЖАМБЫЛА ЖАБАЕВА
В СОВРЕМЕННОМ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИИ»,
ПОСВЯЩЕННОЙ 175-ЛЕТИЮ ВЕЛИКОГО ПОЭТА
ЖАМБЫЛА ЖАБАЕВА

Алматы, 24 февраля 2021 года

THE MATERIALS OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC-METHODICAL
CONFERENCE «THE PLACE AND MEANING OF ZHAMBYL ZHABAYEV'S
HERITAGE IN CONTEMPORARY LITERARY STUDIES»,
DEVOTED TO 175 ANNIVERSARY OF GREAT POET
ZHAMBYL ZHABAYEV
Almaty, February 24, 2021

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
АЛМАСБЕК МАУЛЕНОВ

Ғылыми кеңесшілер:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Филология факультетінің деканы
ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор
Б.Ө. ЖОЛДАСБЕКОВА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақ әдебиеті және
әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор
А.Б. ТЕМІРБОЛАТ

ЮНЕСКО мәдениеттерді жақындастыру орталығының
бас ғылыми қызметкері, жазушы
Н. ҚАПАЛБЕКҰЛЫ

Жауапты редакторы:

АРДАҚ КАКИМОВА

Ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған «Жамбыл Жабаев мұрасының қазіргі әдебиеттанудағы орны мен маңызы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 312 б.

ISBN 978-601-04-5214-5

«Жамбыл Жабаев мұрасының қазіргі әдебиеттанудағы орны мен маңызы» атты Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн жүйеде өткен конференцияның материалдары топтастырылған. Мұнда конференция мақалалары 3 секцияға бөлінген.

Жамбыл Жабаевтың шығармаларының әлемдік поэзиямен үндестігі; Жамбылтану мен филология пәндерін оқытудың инновациялық әдістемесі; Жамбылтанудың бүгінгі мен келешегі жас ғалымдардың зерттеулерінде.

Жинақ жоғары оқу орындарының студенттеріне және жалпы оқырман қауымға арналған.

Автордың редакциясымен шығарылды.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІҢ ДӘРІПТЕЛУІ

Қазақ халқының бай мәдениетінің ажырамас бөліктері болып табылатын ұлттық ат ойындары, ұлттық өнер түрлері де қазіргі қазақ әңгімелерінде кеңінен насихатталып жүр. Атап айтқанда, көкпар, бәйге, аңшылық өнерге, құс салу – салбурын өнеріне де жазушылар ыстық ықылас танытып келеді.

Ж.Шаштайұлының «Есбай тігі» атты әңгімесінде ұлттық ойын – көкпарды халық дүниетанымымен, дәстүрімен байланысты құндылық ретінде көрсетіледі. Көкпарды әдетте белгілі бір отбасылық қуаныштарды көппен бөлісу ретінде қуаныш иесі береді.

«– Көкпарды кім беріп еді? – деді Есбай дауысын жаймен созып.

– Біз, – деді ең алғаш тіл қатқаны.

Есбай сен кім едің дегендей ұзақ тесілді.

– Танымай тұрмысыз, Тойшыбай құрдасыңыздың баласымын ғой. Малды ауылдың басын қосып, оқуға баратын немерелеріңіздің тілашарын жасап едік – деді сол айқайлаған бойы».

Көкпар – ер адамның намысын, ақылын, түйсігін, шыдамдылығын, ептілігін, ерлігін, күш-жігерін, тәуекел ете алу қабілетін сынайтын ойын түрі. Әңгімеде көкпар ойынының қызығы нағыз қимыл-қозғалыс үстінде суреттеліп, көрсетіледі. Әккі көкпаршы қарт Есбай көзі нашар көріп, құлағы естуден қалып бара жатса да өмірлік тәжірибе мен қаншама жылғы дағдысының арқасында намысы жібермей көкпарды соқталдай үш шешен жігіттерінен алып кетеді. «Есбай тартысатын жағдайға енді келгенін сезді. Өзін ортаға алып, тапжылдырмай сайқымазақ етіп кетуі ықтимал. Дәмесі алдыңғы жақта ғана деген сыңай танытып, біраз жұлқыласып бақты. Бір-біріне тақаса бергенде тақымға салбырата басылған серкештің жонынан теуіп өтіп, еңкейіп барып, артқы сирақты іліп алды. Бұл қимылды күтпеген жігіт көкпардың тақымынан сусып шығып кеткенін сезбеді. Есбай серкешті тақымына салуға асықпай, шұғыл жұлқып, атының

бүйірінен қатты түртті. Көз шарасы жанарына сыймай Қарагер атылып кеткенде көкпардың алдыңғы сирағы ғана ананың қолында қалды. Есбай аударылып түсе жаздап барып, жөнделді. Қол созым жерде қаумаласа қалған жаңағылар мұның адымын ұзарпай, алдын орауға тырысып жүр» – деп беріледі. Бұл Есбай қарттың шешен жігіттерді алдарқата отырып, серкені қолына түсіру сәті. «Құлдилаған тік қабақты тура бетке ала шауып келе жатып, астындағы атының дес бермей кеткенінен секем алса да, тізгінді іркуге шамасы келмеді. Кенет тұла бойын мақтаныш тәрізді бір нәрсе кенеп, делебесі қозып, қиқулай бастады. Қарауыл шоқының қия жалынан еңістеген бойы бағанағы өзі шыққан пышақтың қырындай шаншылған тікке құлдилап, сорғалады. Ат екпінін тежей алмай арагидік құйрығымен шөміе шөге жаздағаны болмаса, әзірге бағдарынан жаңылмай кідіріссіз батыл сырғыды. Есбайдың қиқуынан елірген Қарагер одан сайын шабысын үдете түсті» – деп беріледі. «Үзіндідегі бір сөйлемнен бір сөйлемге өткен сайын мағыналық жағынан еселенетін түйдек-түйдек естістіктер прозадағы плеоназмдық түрге көшеді. Жалпы, Ж.Шаштайұлы қозғалыс динамикасын суреттеудің шебері. Дегенмен, образды түрде, Есбайдың тігі – көкпар болса, ылдиды – отбасы» – деп дұрыс көрсетеді әдебиеттанушы Е.Солтанаева. Қ.Ергөбек те: «Көңіліңе келмесін, әңгімең маған тіпті ұнаған жоқ. Өз ұрпағынан қайыр күтпеген қазақы қарияның соңына даңқ қалдыру шарасы соншалық дәрменсіз, соншалық сенімсіз» – деп тегіннен-тегін ұнатпай отырған жоқ бұл әңгімені. Зерттеушінің ұнатпай отырғаны Есбай өмірінің тұрмыстық жағы. Десек те, өмірде мұндай да адамдар да бар екендігі рас. Өзінікін қор, өзгенікін зор («Елдің келін-баласына қараса, адам қызығарлық») көретін құлдық психология Есбайда да бар. Ол өз отбасына жақтырмай, менсінбей жоғарыдан қарайды. Әкенің бойында ұрпағына, отбасына деген бір

тамшы мейірімнің болмауы неден деген заңды сұрақ туындайды. Әрине, бұл жас кезінде бала тәрбиесінен жіберіп алған қателіктері, енді қартайғанда кес-кестеп алдынан шығып отыр. Егер жас кезінде қиқу қуып, көп уақытын түзде өткізбей, өз отбасына көңіл бөліп, қисық кетіп бара жатқан нәрсені бақылап, түзеп отырса, мүмкін қартайған шағында олардан осыншалық түңілмес еді. Өмірде көптеген мықты, аты шыққан ғалым яки өз саласында белгілі бір биіктерді бағындырған кей адамдардың баласының кері кетіп, жалқау, еш жерде жұмыс істемейтін, қайратсыз адам болатындығы кездесіп жатады. Бұл бала психологиясындағы ауытқушылық көбіне әкесінің отбасына көңіл бөлмей, бар ықыласы басқа нәрсеге ауып кетуінен болып жатады. Кейде бала өзіне назардың жетіспеушілігінен де қарсы әрекеттерге әдейі барып отырады. Мұнда жазушы әдебиетте әу бастан-ақ бар әкелер мен балалар мәселесін қазақы ортаға сай, барынша шынайы беріп отыр. Ұлы әкесіндей болмады. Әкесі де ұлын өзінен асырып болмаса да, өзіне жеткізіп тәрбиелей алмады. Оралхан Бөкейдің «Қойшы» әңгімесінде әйелдің не себепті қойшының көзіне шөп салғанын өз тұрғысынан түсіндіріп беретіні бар. Оқи отырып, бір жағынан алданған қойшыны да аяйсың, бір жағынан мұндай әрекетке барған әйелін де түсінесің. Жазушының әйел психологиясын бере алуы соншалықты нанымды, тіпті қойшыға болысып, жақтасып отырған оқырман, әйел монологінен кейін бірден әйел бейбақ жағына тез өтіп, оны да түсініп, оны да аяй бастайды. «Есбайдың тігі» әңгімесіндегі Сананың долы мінезіне Оралхан әңгімесіндегі түсіндірмені алып пайдалануға болатын сияқты. Кез-келген нәрсенің себебі мен салдары болады ғой. Сананың да мінезінің осындай болуы Есбайға тікелей қатысты. Есбай қандай? Есбайдың дүйім ел білетін көкпаршылдығы, намысқойлығы, ебі, айласы, қайраты өз алдына. Ал тұрмыстағы Есбай бір емес екі адамның назарымен бағалауында бірдей беріледі. Бірі, Тойшыбай: «Ата сақалың аузына түссе де, ақыл кірмеген дүлейсің ғой бір» – дейді. Екіншісі, әйелі Сана: «Құтыла алмай жүрсің, білем. Сендей дүлейдің қолынан өлгенімше, өз аяғыммен кетіп тірі жүрейін. Көзіңе қашанғы албастыдай көрінбекпін» – деді. Яғни Есбайдың дүлейлігі рас.

Көркем мәтіндегі әрбір диалог, эпизод, әрбір деталь тектен тек берілмейді. Олардың барлығы көркем бүтіндікті құрап, ортақ идеяға қызмет етеді. Ендеше, Сананың аузынан шығатын «Қой-мойыңмен Әлпишаның, Қайпыштың үйіне кіріп ал» деген сөз бар. Бұл Сананың әйелдік қызғаншақтығынан айтыла салған жай әңгіме емес-ау деп ойлар қырағы оқырман. Себебі әңгіме аяғында Есбай аттан құлағанда оған демеп, тұрғызатын, бетіне су бүркіп, бәйек болатын сол Әлпишаның баласы. «Бұл әлгі Әлпишаның Қыдыры емес пе еді? Мақталмайтын ба еді. Көкпарды дәл өзіне ұксап тартады деуші ме еді?» – деп есіне алады Есбай. Осы үзіндідегі өзі деген кім? Өзі Есбай емес пе? Неге ол Есбайға тартқан? Неге ол көкпаршы. Қаны тартып тұр ма? Бірақ, Есбайдың өзі «Айыбым жетім балаға, жесір қатынға көмектескенім бе?» деп ақталады. Ендеше, Әлпишан мен Есбай арасында да бір байланыс бар деп күдіктеніп Сананың пенделік осалдық танытып, ұрыс-керіс шығарып, долы болатындай да себеп бар.

Сонда түздегі Есбай жесір қатын мен жетім балаға қол ұшын беретін, намысқой, елді ойлаған азамат болса, бірақ өзгеге танытқан мейірімін өз үйдегі бала мен әйеліне таныта алмайтын, дүлей, оспадар, менсінбей жоғарыдан қарайтын (өз ұлын жетесіз неме!), керек жерінде әйелге қол көтеретін адам болып тұр ғой. Осындай ердің жанында әрине әйелдің де долы, шайпау болуы заңдылық. Ерлі-зайыптылар арасында түбегейлі түсінбестік бар. Бір-бірін түсінейін деген ниеттің нышаны да жоқ. Автор позициясы өз кейіпкері Есбайға болысып отырауынан көрінеді. Есбайдың бар кінә Санадан секілді қылып көрсеткенімен, ол кінәнің бір ұшығы бәрібір Есбайға тиеді. Осындай қарама-қайшылықтар диалектикасы болмаса, әңгіме идиллиялық сипат алып кетер еді.

Дегенмен, халық аузындағы көкпардың тарихында, туған жердің қырында Есбай аты қалды. Әңгімедегі де басты құндылық ұлттық ойын көкпардың адам рухын шыңдайтын қасиетінде, намысты қоздырып ұлт болып ұйысуға сеп бола алатындығында.

Асқар Алтайдың «Дода» әңгімесі де қызу көкпар ойынын барынша қанық суреттеуге арналған. Жазушы бас-аяғы бір күнге созылған көкпар ойынын суреттей отырып, көкпаршы Кәнтөжін Нұрғалидің бүкіл өміріне қатысты ең маңызды оқиғаларды бере отырып, кейіпкер характерін сомдайды. «Алды-артынан асау аттай орағытып, бас-көзге қарамай кимелеп, ат

үстінен жұлып алардай өлерменденген олар астарына мініп жүрген ат-айғырларын, сәуік-құнандарын борбайлап, жазықсыз көксеркеге жете алмай әуре. Жетсе қай-қайсының да жан беріп, жан алысатыны анық. Тұщы тәніне ащы қамшы тигеннен бірінің үстіне бірі шығып кетердей ентелеп, бастарын кегжите көтеріп алған жануарлардың жанары шарасынан шығардай шатынап кеткен. Иелерінің бұлармен ісі жоқ. Қабырғасы күйреп, қол-аяғы бұралып сынған серкеге ессіз ұмтылады. Ауыздарына тістеген түрлі-түрлі таспалы қамшыларын қолына ала салып, жануарлардың езуін жырып жіберердей шаужайлап, қамшымен сауырдан салып-салып өтеді» – деп көкпар десе бәрін ұмытатын құмарлыққа берілген топтың әрекетін дәл суреттейді жазушы. Бас кейіпкер Нұрғали аттың сынын білетін, оны баптап күте алатын адам. Қай бір жылдары жылқы мен түйе ауылшаруашылығына тиімсіз түлік, оларды етке өткізу керек деген науқан жүргізілген кезде Нұрғали өзі баптап өсірген Желжорғаны етке өткізбей, ауылсовет бастап, милиция қоштап келген топқа мінезін көрсетіп, бермей алып қалады. Осы мінезі үшін Көнтөжін Нұрғали деген атқа да қалады. Айналасындағылардың бағалауында берілген «контужный, пері қаққан, қаны бұзылып келген, ит мінез» секілді бағалаулар мен атын бермеу эпизоды арқылы автор кейіпкерінің жанама мінезін ашып отыр. Яғни әйгілі атбегі болмаса да, жүйрік ат десе оның ішкен асын жерге қояр, ол үшін тіпті бар болмысымен кімге болса да қарсы тұрып, қорғап қала алатын қайсар мінезін танытады. Бүгінгі күні көкпарға өзі баптап келген Көкбесті ат сол өзі қорғап алып қалған Желжорғаның тұқымы. Яғни алпысты алқымдаған шал кейіпкердің бас аяғы үш жүздей адам қатысқан, сен тұр мен ат дейтін өндірдей жастар мен қырықтағы қарасақалдар қатысқан дүбірлі топтан көкпарды жұлып әкетуі нанымды болуы үшін де автор кейіпкер өмірінің осындай мінезділігін танытатын кей эпизодтарын беріп отыр.

Жазушы көкпардың барысын сипаттай отырып, кейіпкердің көңіл райын, ой ағынын қатар ағытады. «...Қазір ғана топталып, іштей шырығып, ұшан дала төсінде бір уыстай көрінген додашылар тығыны ағылып кеткен торсықтай лақылдай ақтарылған ақтай лап беріп, қара жерді дүбірлете ғайып болады. Бір жерден екінші жерге оп-оңай орын ауыстырады.

Ойына астындағы атын терге малшынттып, есік алдына алқын-жұлқын келіп, ащы айранды басына төңкере салып, қайта тұра шабатын жастау әкесі орала берді... Ол да ауыл арасында көкпар тартып, додаға түсіп жүруші еді. «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» демекші, соғыстан оралған соң бұл да дода десе делебесі қозып, додашы болып алған» – осылайша Нұрғали қарттың көкпаршылығы атадан балаға қанмен берілген қасиет іспетті көрсетіледі. Расымен, автордың осы дарытқан қасиеттері бойынан табылып, Нұрғали көкпарды алады.

«Қамшылар жақтан сыналап сырғып келген Көнтөжін Нұрғали көксеркені тақымына басқан додашы жанындағылар ес жиям дегенше, сорғалаған күйі бес саусақты салақтаған дененің сирағынан шенгелдей салды дейсің... сол аққан ағынымен серкені жұлып әкеткен. Дереу оң жақ тақымына баса беріп, көкпардың артқы сирағынан ердің қасымен қоса ұстаған сәтінде, сираққа орала шұбалып жүрген қайыс қанжығаны көзі шалды. Әлгілер көкпарды жұлып алғандай болса, қанжыға ұстап қалсын деген ғой. Әй, мерездік-ай» – деп суреттеледі осы сәт.

Бірақ бас кейіпкер Көнтөжін Нұрғали бар есіл-дертімен көкпарға берілгендігі соншалық тіпті өзін-өзі сақтау қабілетінен де айырылады. «Көкбестінің арқыраған ащы дауысы естілді... Жар жағалағандар жым-жырт бола қалды. Кең дала дауыл алдындағыдай тып-тыныш. Түнеріңкі аспан, тылсым төңірек. Сүмбіленің суына малтыққан жылқы мен адам ғана көкпармен қоса арпалысып барады.

Көкбесті күркірей тағы кісінеді... Олар кәрі Ертістің ортасындағы ұлы ағысқа тұтылған» – деп әңгіме трагедиялық халмен аяқталады. Көксерке үшін арпалысқан адам енді жаны үшін сумен арпалысып барады. Бұл жерде жалған құндылық пен шынайы арпалысу керек құндылықтың орны ауысып кеткенін кейіпкердің өзі байқамай қалады. Өмірде намыстың жаннан артық болатын кездері немесе жанның ар үшін садақа болатын кездері болады, әрине. Бірақ бұл жағдаятта емес-ау. Елдің көнтөжін Нұрғали атауы бекер емес екен, Есілдің асау толқынымен алысып, көк серкесімен, Көкбесті атымен суға кетіп қаза болады. Әңгіме соңында адам өмірі де ең үлкен құндылық екенін оқырман бағамдай алады.

Асқар Алтайдың «Салбурын» атты әңгімесі қазақ халқы өнер деп бағалап, құрмет тұтатын саятшылық туралы әңгіме. Негізі салбурын деп қазақта қыс маусымында аңшылардың топта-

лып аңы мол жерлерге барып аң аулауларын атаған. Ол топқа тек саятшы, құсбегі, мергендер ғана емес, әнші, жыршы, күйші, атқосшылар да кіретін. Асқар Алтайдың әңгімесінде де бірнеше кісі бірігіп, аң аулағаны суреттеледі. Кейіпкерлері қазіргі заманның әл-ауқаты мықты адамдар, тіпті арасында министрдің орынбасары, бизнесмен, геолог, әскери адам да бар. Оларды күтіп алып жүрген жер жадысын, малдың жайын білетін, шаруақор, өз жайын барынша жасап алған, еркіндікті сүйетін малшы адамдар Бақытбек пен Елмұрат. Саятшылар бірінші күні тікұшақпен, келесі күні джиппен аң аулайды. Әдеттегідей тыныққан кездерінде астау толы ет жеп, аңшылар арасындағы әзіл-қалжың айтылып, қызықты әңгіме-дүкен құрылады. Сөз арасында геолог көшпенділер арасында моншаның болғаны туралы айтса, әңгіме бөріге ойысқанда оның тектілігі, аңшылығы, түркілердің тотемі екені айтылады. Елмұрат қарт былтырғы қыста бірнеше жылқысын жайратып кеткен ақылды, әккі, залым көкжалдың әңгімесін тамсана сөз етеді. «...Басқа бөрілер баршылық. Ол бірақ орала қоймады.

– Оны қайдан аңғардыңыз ? – деді Уәлихан.

– Ізінен шығар – Жарқын білетіндігін айтты.

– Ізінен айырдым. Артқы сол табанының жартысы жоқ. Қарға барбита басқанда түспейді.

...Білім, бөлтірік кезінде ұяластары шайнап тастаған, болмаса қақпанға шаптырып алған. Әлде басқа бір себеп болған. Әйтеуір, анық нысаналы аң болып шықты» – дейді. Мұндағы қарт әңгімесінен кейіпкер характері ашылады яғни малтанығыш, аңтанығыш қасиеті таныл- са, екіншіден жағынан идеяға сілтеме іспетті, яғни адамдардың саятшылық құруы қандыкөз қарақшылық емес, өз малын қорғап жүрген адал ниетті де бар жандар деген идеялық жүкті арқалайды, үшінші жағынан Елмұрат әңгімесі шығармадағы сюжеттің байланысы іспетті берілген. Себебі ертесі күнгі қасқырды соғып алуы бұл енді әңгіменің ең қызықты шарықтау шегі болғандықтан, және дәл кешегі Елмұрат қарттың айтқан нысаналы арланын кезіктіруін автор баяндау емес, суреттеу тәсілі арқылы шебер берген. Арлан өз қаншығын қорғап, оның өлгенін көргенде, айла жасап қашпаққа ұмтылады. Ол да болмай, тығырыққа тірелген кезінде, соңғы рет айбат шегіп өліспей беріспеудің амалын жасайды. Джиппің алдыңғы әйнегін жырта сындырып, барлығының зәресін бір алады. Естерін әрең жиған аңшылардың бірі оны бірнеше оқпен жайратып салады.

Бұл әңгіметуралы «Қазіргі әдебиеттегі жалпы адамдың құндылықтар» атты монографияның «Қазіргі әңгімелер» деген бөлімін жазған филология ғылымдарының докторы, профессор У. Қалижанов былай дейді: «Әңгімені оқи отырып, автордың аңшылық кәсібінен, өте терең хабардар екенін байқаймыз. Тәңіріге мойынсұнған түркі баласының еркіндігін, азаттығын артық көріп, кемшіліктен жырақ өмір сүру мен көк бөріні ғана қадір тұтқан тотемдік таным «Салбурын» әңгімесі көтерген басты мәселенің бірі» – дейді. Шынымен, шығармадағы арлан образы бір жағынан еркін рухтың, ырықсыз табиғаттың символы іспетті. Ол да ешкімге жәутендемей, өр кеудесін бастырмай, өлтіргелі жатса айбат шегіп, қасқайып қарсы тұрып өледі.

Әңгіме бір деммен оқылады. Автор шығарма ырғағы арқылы оқырманын енді не болады екен деген дегбірге түсіріп, эстетикалық әуреге түсіреді. Оқиғаны драматизациялау да жоқ. Тек шынай суреттеп береді. «Төсіне қол тимеген қыздай керілген кең дала шаңыттап қарсы алды. Биыл жұқа түскен қар дала жүзін киік мүйізіндей қатырып тастапты. Терістік шығысқа қарай бет бұрған жүргіншілер Есілдің басын көздеген. Өйткені ол тұс тұздың елсіз иені емес, ел-жұртты, мал басымен құйқалы қабатты өңір еді. кей тұста шоқ-шоқ талды орманы да ұшырасады» – деп оқиға желісі далада өтетіндіктен табиғаттың тамаша көріністері кестеленіп салынады.

Әңгіме «Салбурын» туралы болғандықтан, саятшылық кезінде жасалатын ғұрыптар да атадан қалған құндылық ретінде қастерленіп жасалады. Атап айтсақ, қанжығыға байлау – бұл аңшылардың алдынан сыйлы адам, үлкен адам немесе бөгде адам алдына шыққан кезінде жасалатын ғұрып болса, бұл адамның жан жомарттығын, мәрттігі мен әңгімеде «Іштеріндегі аңқос мергені Жарқын атып алған түлкісін қоярда-қоймай Елмұрат отағасының қанжығасына байлады» делінген.

Реалисттік бағытта жазылған әңгімеде шындыққа аса жанаспайтын фактілер де кездеседі.

«– Нағыз қаншыр екен... Аңғал арланды алдап жүріпті, – деді өзімен-өзі сөйлескендей.

Қасындағы қос шофер жігіт түкке түсінбей аң-таң.

– Алдағаны қалай?

– Ә-ә...иә... – деп Елмұрат өзінің жалғыз еместігін енді байқағандай болды. – Бедеу қаншық. Жатырын бөлтірігімен бірге туып тастаған. Арлан құр қаншықтан дәметкен.

– Қызық екен, жатырын қалай туып тастаған?

Кәдімгідей. Бөрі ит емес, қайта-қайта күшіктей беретін. Құдай солай жаратқан. Бөрі өмірінде бір-ақ рет күшіктейді. Сол кезде жатыры бірге түсіп қалады. Оны кейде өзі, кейде арланы жалмап қояды. Сондықтан да бөрі ит құсап көбейіп кетпейді. Қазір қантар. Ендігі буаз болу керек еді. Құрсағы бос екен» – деп бұл деректі автор сөзі ретінде емес, кейіпкер аузымен береді. Автордың ұтып кетіп отырған жері де осы.

Ұлттық құндылықтар туралы айтқанда шет елде жазушылықпен айналысатын қазақ жазушылары шығармашылығы турасында айтпау мүмкін емес. Себебі қазіргі кезде тек әдебиеттану ғана емес, жалпы әлеуметтік зерттеулерде ұлттық және жеке-тұлғалық құндылықтардың қатынасын талдауға арналған зерттеулер маңызды болып отыр. Олар мәдениетаралық диалог мәселелері мен болашағын анықтауға бағдар болары айқын, оның үстіне шынайы мәдениетаралық қарым-қатынас кеңістігінде осы «құндылықтар» қақтығысының да болып жататыны рас.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елге оралған қандас жазушы Ж.Самитұлының шығармаларында ұлттық құндылықтар барынша дәріптеледі. «Ана сүті» әңгімесіндегі оқиға Қытайдағы 1967 жылдары болған «саяси халық жауларын» іздеу оқиғасымен байланысты. Саяси жау ретінде қарапайым жұмысшыларды ұстап, оларды бүкіл халық алдында тергеу басталады. Бас кейіпкер тергеудің алғашқы күні-ақ жан-жақтан тағылған психологиялық зорлыққа шыдамай, тіпті өзі істемеген нәрселерді мойнына алып, қойған кінәлардың барлығына бас шұлғып, келісе салады.

Үйге келген соң, барлығы мұны аяп, мүсіркейтін шығар деген ойы орындалмай- ды. Керісінше, анасы: «Ез! – деді кіжініп, тістене ысылдап, – Мен сені ұл деп туғам, еркекқой қалжа жегем... қарай ғөр мұның жанының тәттісін! Бір күн бопсаға шыдамаған әлжуаз. ...Бүйтіп сүйекке таңба түсіргенше, өз қолыммен бауыздап тастайын сені, – деп жағамнан шап беріп алқымымнан қылқындыра бүріп тұрып» – дейді кейіпкер.

Мұнда ұлттық тәрбиедегі үлкен ұғымдардың бірі «сүйекке таңба салу» мәселесі сөз болады. Сүйекке таңба салу – бұл әлпештеп өсірген, бағып-қаққан ата-ананы баланың жаман атқа қалдыруы болып саналады.

Тау халықтарында өз отанына, ұлтына сатқындық жасаған адамдар туралы анасының әлдиін ұмытқан, қарғыс атқан адам деген түсінік бар. Қазақ халқы да «Ел боламын десең, бесігіңді түзе !» деп ана сүтін ақтау, анасының әлдиін, бесік жырын, анасының айтқан ертегісін асқан құндылық санайды. Онда кие бар, қасиет бар. Соны сезінбей, содан бойына жақсылық жұқтырмай өскен бала өмір майданында елі мен жерін сатып, өз халқының өмірлік принциптерін де сатып жіберуі мүмкін. Балалар ана сүтін, ана әлдиін, бесік жырын, анасы айтқан ертегілерін ұмытпасы.

Еркек қой қалжа жеу – бұл қазақ салтындағы ер адам дүниеге келгендегі намыс, ерлік секілді қасиеттермен байланысты рәсім.

Жазушы мақсаты марқұм болған әкенің асқақ образын, өз моральдік принциптеріне адал ана образын сомдап кейіпкерге моральдік ықпал ету факторына айналдыру болды, осы арқылы кейіпкердің қисайған санасын түзеу, шайқалған сенімдерін қалыпқа келтіру болды. Автор концепциясы жеке мағыналарға толы – яғни жеке, отбасылық, ұлттық құндылықтарды әлеумет дәл қазір бір сәтке өзекті еткен құндылықтардан жоғары қою. Бұл стратегиядағы кілт сөз – ана образы, ана сүті, оны ақтау. Және бұл стратегия өзін-өзі ақтайды, осылайша қаламгер осылайша перлюкотивті әсерге қол жеткізеді. Яғни кейіпкер ендігі жерде өміріне қанша қауіп төнсе де, анасының ақ сүтін ақтау үшін, адалдықпен, намысқа тырысып, өз-өзін қорғап шығады. Анасының психологиялық образы, мотивациялық басымдылық ретінде, әсер

етуші күш ретінде, адамгершілік идеалы ретінде беріледі. «Аузыма қан толған сәттерде де, ана сүтінің дәмі бірге кетіп, қалмасын деп ішіме жұттым. Ақ сүт қой ол! Ар – намыс шұбаты емес пе? Маған нәр берген соның құдіреті!» – дейді кейіпкер.

Жазушы әңгімесін бәйтеректің басын мекен ететін Самұрық құс туралы халық ертегісімен интертекстуалдық байланыста алады. «Анамның ақ сүтінің нәрі ғой бұл» деп елжіреймін. Уа, анашым сонау балдырған бала шағымда, құжыр – құжыр құз жартастары үңіліп тұратын қыстаудағы тас үйде, ың – шыңсыз оңаша қысқы кеште бауырыңа тығылып отырып тыңдайтын ертегілерім әлі есімде: Алып қара құс бәйтеректің басындағы балапандарын сағынып, зулап келе жатады. Екпінінен дауыл тұрады. Балаларым айдаһардың аузынан аман ба екен дегенде төгілген көз жасы жауын болып сіркіреп өтеді» – деп келтіруінен де анасы айтқан аңыздар мен ерегілердің де құндылық аспектісі көрінеді.

Ж.Сәмитулының әңгімелеріндегі ирония тіпті ұлғайып гротескіге айталып кетеді. «Қырманнан топан әкеле жатырмын деп елді алдап, құнан өгізіме төрт дағар бидайды бір жолда теңдеп әкелдім. Асыл қошқар дейсіз бе? Дұрыс, қой жайып жүргенде иірмек ұшы шекесінен кіріп барады деген сылтаумен асыл қошқардың мүйізін кесіп тастап өлтірмек болдым. Ондағы мақсатым, ия, ия, түп мақсатым, қошқардың мүйізін кескенде ме? Айтайын, айтайын, түп мақсатым – капитализмды қайта тірілдіру» – деген секілді гротескілік күлкі Б.Майлин әңгімелерінің поэтикасын еске салады.

«Ер намысы деген дүниедегінің бәрінен де қымбат. Мен бір оқымаған надан адаммын. Жүрегімде жатталып, сүйегімде сіңісті болып қалған аталы сөз ғой бұл.

Аузым қанға толған сәттерде де, ана сүтінің дәмі бірге кетіп қалмасын деп ішіме жұттым. Ақ сүт қой ол! Ар – намыс шұбаты емес пе?! Маған нәр берген соның құдіреті!» – деген байламаннан әңгіме идеясы айқын көрінеді.

Әңгімедегі ұлттық аксиологема – ана сүті, ал ол арқылы ер адамның ары мен намысы, әділдік, шындық, ана сүтін ақтау, ата алдындағы, ел алдындағы борыш секілді құндылықтар алға тартылады.

Дегенмен, ұлттық құндылықтар кейде шамадан тыс дәріптеліп, кейде оларға асыра, дабыра артып, жалған құндылықтарға айналып кететін кездері де бар. Көптеген зерттеушілер құндылықтардың ара шекарасын ажыратуда нәзік ұстанымдар болуы керектігін ескертеді. Бір құндылықтар екіншісіне ауысып, кейде олардың мағынасы тарылып, кеңейе түсетін қасиеттері де бар. Белгілі бір аймақтық құндылықтар ұлғая келе жалпы адамзаттық құндылықтарға ұласады. Кей құндылық деп есептеген заттардың өзі жалған болуы да мүмкін.

Аксиологиялық тақырыптағы әдебиеттерде квазикұндылық, псевдокұндылық ұғымдары да кеңінен қолданылып жүр. Айталық, орыстың белгілі зерттеушісі В.А.Кувакин псевдокұндылықтарға адамзаттың адасуларын, қателіктерін, соқыр сенімін, елесті, сенімсіз ақпаратты, квазиғылыми, квазидіни түсініктерді, паранормалды құбылыстарды, ғажайыптан емделіп кету, телекинез, телепортация, көріпкелдік, бал ашушылық, нумерология, астрология, оккультизм т.б. жатқызады. Оларды екіұшты құндылықтар деп, оларға күмәнмен қарауға болады. Шынайы құндылықтар ешбір күмән туғызбайды, олардың соңы өкінішке әкеліп соқпауы керек. Квазикұндылықтар құндылық секілді болып көрініп, адам өмірінде адасуларға, кері кетушіліктерге әкету қаупі бар. Оларға деген соқыр сенім салдарынан адам өмірі астаң кестені шығып, жағымсыз нәтижеге тап болады. Мұндай псевдо құндылықтарды, жалған құндылықтарды дәріштеу қазіргі қазақ әңгімелерінен де көрініс тапқан. Айталық, Есболат Айдабосынның «Сыртанның итаяғы» атты әңгімесі осындай жағадаятқа құрылған. Әңгіме тазы иттің қасиетін, қазақы түсініктегі оларды кие тұту, қастерлеу туралы. Шығармада тазы итпен аңшылық құру, тазы иттің тұқымы, оның тектілігі туралы біраз жақсы ойлар қозғалады. Ол дұрыс. Қазақ итті жеті қазынананың біріне балаған. Бірақ мәселе, сол құнды деп есептеген заттардың адам өмірінен маңызды болып, алғашқы орынға заттың бірінші қойылуынан туындайды. Әңгіменің бас кейіпкері аңшы Жұман тазы иттерді бағып, баптап-күтіп, өсіреді. Ол ата-баба қанымен, дәстүрімен беріліп келе жатқан кәсіп. Аңшы Жұман қоғамға қызмет ету, халқына пайдалы іс жасау дегенді былай қойғанда өзін-өзі рухани-адамгершілік тұрғыдан жетілдіре алмаған. Ол отбасының ырысы иттің итаяғына байланған деген сенімде болады.

Өзінің екі қызы мен бір ұлы бар. Қыздарын қияға ұшырып, ұлын ұяға қондырып, келін алды. Бірақ ол соқыр сенімнің құлы. «Мені адам қылған осы итаяқ. Әжем марқұм, беске толған күні тұсауымды кесіп, араға апта салып үш рет итаяқтан су ішкізіпті. Содан оңалсам керек. Бертінде талай мәрте итаяқпен ұшықтағаны есімде. Қолымызға сүйел қаптаса, көзімізге теріскен шықса болды итаяқтың қағынан кертіп алып жаға қоятын жарықтық. Ұшынған жеріміз ертеңіне сып-сипалам жоғалатын. Көктем сайын итаяқтың сірнесімен босағаны майлап отыратын, ырысы жұқсын деп... Тіпті малдың желіні іссе де итаяғын ала жүгіретін марқұм» – дейді сырттанның итаяғы туралы. Шын мәнінде, әжесінің ырымдап жасаған амалдары отбасы мүшелері бойында сенім тудырып, ал ол сенім жазылуға деген, баюға деген құлшынысты арттырып, ынталы, қуатты әрекеттерді, сенімді түрде, нық жасауға итермелеуші күш қана. Жақсы мұндай сенім, әр қоғамда, әр адамда болады. Бірақ ол сенім фанатизмге айналмауы керек.

«Бар бәле бертінде басталды. Келін екі жылға дейін бала көтермеді. Бұрынырақта жаңа түскен келіншек көйлегінің етегіне салып итке жем жегізетін. Итше күшіктесін,- деген ырымы ғой қазақтың. Әйеліме айтқызып едім, келін қорқамын депті, балам шаманизм қалдығы деп күлкі қылған. Қаным басыма шауып, іске өзім кірістім. Ақмоншақ деген тазым бар еді, сол күшіктей сала күннің суықтығын сылтауратып үйге кіргізіп алдым. Балпанақтай қос күшік сүйкімді, жүрсен аяғыңа оратылып, отырсаң төбеңе секіріп еркелейді. Келінге де үйірсек. Өзімнің күткенім де сол емес пе?! Итке тамақ берсін, күшіктерін көріп, мейірленсін, ит төресі тазының алғысын алсын деп жүрмін ғой баяғы...» – әрине, Жұманның жан-жануардың балаларын көріп мейірленсін дегені жақсы ниет. Алайда, жақсы ниеттің барлығы жақсы нәтиже бере бермейді.

Кейіпкер өзі қастер тұтқан заттарды өзгелердің де айнытпай, қастерлеуі, сыйлауы ке- рек деп есептейді. Алайда, тазыны өзі қастерлегендей сый тұтып, құрметтеуді отбасынан көрмейді. Әйелі де, баласы да, келіні де оның құштарлығын бөлісіп отырған жоқ. Бірақ бұл туралы Жұманның ойы тым менмендікпен берілген: «Қатынның сыбағасын қолма-қол беріп, далаға шығып кеттім. Жас кезде бір-екі рет қамшымен шықпыртқаным болмаса қатынға қол көтерген еркек емеспін. Бұл жолы ашу ауыздықталмай қалды. Қатын көпке дейін кір-қоңымды жумай, төсегімді салмай қойтаңдап жүрді. Келін ауруханадан шығып келген соң ұрыс өртінің қоламтасы қайта бықсыды. Қатын мені кінәлайды, жоқ нәрсені ырымдап жүресің деп... Ұл сазарып үндемейді, келін көңілсіз. Төркінінен алып келген тарғыл мысықты төсіне салып, құшақтайды да отырады».

Мейлі қазақ мысықты тілеуі жаман деп жақтырмасын. Бірақ, мысықты жақсы көріп тұрған келінінде жазық жоқ қой. Отбасында, жалпы қоғамда, мемлекетте өзгенің пікірін сыйлауды, өзгенің қалауына төзімділік танытуды үйренбейінше ол жерде береке бірлік деген болмайды. Мен осылай ойлаймын, сендер барлығың осыны дұрыс деп, ләббай тақсыр деп бас шұлғып, соған көңілдер деген диктаторлық әрекет кез-келген жүйені құрдымға жібереді. Жұманның әйелінің өмірден ерте кетуіне де шынайы ақылмен, саналы түрде қарасақ, тазының ырысының, немесе сырттанның итаяғының еш қатысы жоқ. Бұл жағдаятқа Жұманның өзі кінәлі. Ұдайы ұрыс-керіс, бірін-бірі түсінбей, түсінгісі келмейтін ортадан, тоқпақтап ұру болған жерден, әрине, береке кетеді. Сырттанның итаяғынсыз-ақ сүттей ұйып, берекесі кіріп отырған отбасылар бар ғой. Сондықтан Жұманның әспеттеп отырғаны псевдоқұндылық, жалған құндылық болады. «Көкдауылды атам әлпештеп бағыпты», «тазыны құндақтаулы баладай көтеріп алды», «мына ит» (баласын мегзеп отыр) деген секілді иті мен баласына қатысты метафора, теңеу, кейіптеулерінен кейіпкердің оларға қатысын көруге болады. Шіркін, сол тазы мен итаяққа бөлген көңілін, баласы мен әйеліне қиса, әйелінен ерте айырылып, баласы ішіп кетпес еді ғой.

«-Жарықтық-ай, әруағыңнан айналдым сендердің... Сендер қадір тұтқан сол итаяқтан мына «ит» айдың күннің аманында айрылып отыр. Мұның басын шауып тастаса да обал жоқ» – дейді Жұман [58]. Итаяқты өртеп жіберген баласы туралы айтқаны бұл. Қанша құнды, ата-бабаларымыздың көзі деп әспеттесек те, итаяқ – ол зат. Алтын сияқты, машина сияқты – құнды зат. Барлық заттар адам игілігіне жарау үшін пайдаланылуы керек. Әу-бастағы олардың негізгі қызметі сол. Өмірлік қағида деуге де болады, яғни зат – қолдану үшін жасалған, ал адам – сүю үшін жаратылған, затты пайдалану керек, ал адамды жақсы көріп, ыждахатты қарым-қатынас

құру қажет. Бірақ, кей адамдар зат пен адам арасын алмастырып, затты сүйіп, ал адамдарды пайдаланып кетіп отырады. Жұманды баласының өмірін өз ойының дұрыс екенін дәлелдеу үшін қолданып отырған психологиялық манипулятор деп айтсақ болатындай.

Шығарма соңын нарратор «Бауырындағы баласы, қойнындағы қатыны түсінбеген Жұманды кім түсінсін?! – деген өкініш өзектен сөз боп өрілді. Бұйрабас бұл жұмбақтың мәніне бойлай алмай, әңірейіп қарады.

– Түсінбейсіңдер бәрібір,-дедім де кете бардым. Сол сыңар сөйлем осы қазір ауыздан тағы да сытылып шықты да хикаяттың соңғы жағына жайғаса кетті.

«Түсінбейсіңдер бәрібір!»

Жұман, қолын бір сілтеп кете барғанда бәлкім осыны айтпақ болған шығар... Кім білсін?!» – деп аяқтайды. Осылайша назар көркем объектіге емес, оны қабылдаушы нарраторға ауады. Баяндаушы журналисттің де пікірі кейіпкердің ойымен үндесетіні байқалады.

Сонда әлем, халық, адамдар танымаған ақиқатты жалғыз Жұман түйсінген бе деген ойға қалдыратындай. Керісінше, адасып жүрген Жұман емес пе екен. Себебі, шығармадан өмірдің еш қызығын көрмей тек шыжығын көріп, ерте кеткен әйеліне, кішкентай шақалағынан айырылған келініне, өмірі ойран болған баласына жаны ашып тұрған Жұманды көрмейміз. Бар кінәні өзінен емес, өзгеден іздейтін, «құдай берген дәулетті», «Итаяққа жұққан ырысты» ғана қайтару үшін үйіндегі итаяқты жалатып алмақшы болып, өзі сатқан тазыны өзі қайта ұрлап әкеле жатқан әлсіз жанды көреміз. «Келін кезекті бір төмпештеуден соң төркініне тайыптұрған. Артынан бір айдан соң іздеп барды. Қайынжұрты өзін көкала қойдай қылып тепкілеп қуып жіберіпті. Содан қайтып ат ізін салмады, қатын да алмады. Көзімді ала бере ішеді» – деп налиды. Бұл жағдаятқа кім кінәлі? Әрине, әкесінің анасын соққыға жығып, таяқтап жатқанын көрген ұл, ұядағы көргенін істейді. Баланың алдында әйелді сыйлау, жақсы көрудің үлгісі, отбасылық татулықтың паттерні жасалынбаған, сондықтан да баласының отбасының ыдырауына да Жұманның тікелей ықпалы бар.

Әңгіме атауының поэтикасы «Сырттанның итаяғы» деп аталуының өзі осы нәрсені, затты басты құндылық ретінде алға шығарады. Шығарма атауына қандай да бір маңызды заттарды қою бұл әдебиетте бар, қалыптасқан үрдіс. Мәселен, О.Бөкейдің «Апамның астауы» деген шығарманы алсақ, мұнда астауды апасының қолы тиген, бүкіл бір әулетті тамақтандырған зат ретінде, апасының көзі ретіндегі құндылық болып бағаланады. Бірақ мұнда объект астау ретінде алынғанымен, кейіпкердің ах ұрып, күрсінген, әр сөйлемінен аяулы апасының образы алғашқы планда көрінеді. Әрине, ол жерде астау үшін отбасын ойрандамау, тіпті астау үшін маниакалды әрекеттер жасалмайды.

Е.Айдабосынның «Сырттанның итаяғы» әңгімесінің тілі шұрайды. Нарратор аңшылықтан хабары мол адам әрі мамандығы журналист. Ол баяндаудың түрлі тәсілдерін қолданады. Мәселен, мәтін ішіндегі мәтін тәсілін кездестіреміз. Келіншек тауының аңызы кейіпкер аузымен баяндалады. Ол мәтін де шығарманың негізгі ортақ идеясына бағынған, яғни итаяқтың мәні мен қасиетін ұғындыруға жұмсалған. Келіншек тау аталуының себебі, ерте кездерде бір байдың жалғыз қызын алтынмен аптап, күміспен қаптап, ырғалтып, жырғалтып, бәленбай түйеге жүк артып, ұзатқаны, сол көштің ең соңғы түйесіне итаяқ артылған екен, мұны түсінбеген қыз, әкесіне өкпелейді, ал әкесі қызының тойымсыздығына ренжіп, оған теріс батасын беріп, қарғап, тас қылып қатырады. Жарайды, оқырман, итаяқтың қадірін түсінді делік. Бірақ, аксиологиялық тұрғыдан талдау жасап көретін болсақ, әкесі өзінің жалғыз баласын, бір ғана кемшілігі, бір күнәсі, бір әрекеті үшін теріс батасын беріп, мәңгілікке қатыруының өзі зұлымдық емес пе? Сонда, итаяқты ырыс әкелетін құндылық ретінде бағасақ, ал ол ырыс отбасы жоқ болса, кімге керек? Ол ырыс қатып тұрған келіншекке түкке де қажеті жоқтығы белгілі. Сонда құндылық функциясы орындалып тұрған жоқ, ол псевдоқұндылық екені көрінеді. Себебі құндылықтың өзі адам үшін пайдалы, адамның игілігіне жарайтын, адамды бақытты ететін қасиеті болуы керек. Зат – қолдану үшін жасалған, адам – сүю үшін жаратылғаны аксиологема болуы керек.

Қорыта айтқанда, бүгінгі қазақ әңгімелерін талдай келе, жазушылардың этномәдени құндылықтарды дәріптеуге, насихаттауға құлшыныстары зор екенін аңғарамыз.

Қазіргі қазақ әңгімелерінде этномәдени құндылықтар көбіне концептілер арқылы насихатталатынын байқау қиын емес. Мәселен, ұлттық тәрбиедегі құндылықтар – обал – сауап, қарғыс – алғыс, ұят, тектілік, жөн-жосық, кие, аманат, құт секілді концептілермен беріледі. Себебі концепт – рухани құндылықтарға, этномәдени құрылымдарға бағытталған біліктанымның бірліктері екендігі белгілі.

Концептіні лингвомәдени тұрғыдан талдаушылар, мәселен В.И.Карасик, концептіні – «культурные первичные образования, выражающие объективное содержание слов и имеющие смысл» [47] деп қарастырып, ал Н.А. Красавский концептіні «некое суммарное явление, по своей структуре состоящее из самого понятия и ценностного представления о нём человека» [48] деп сипаттауы тегін емес. Көптеген ғалымдар А.И.Карасик, В.В.Красных, С.Г.Воркачев концептіні бірнеше бірліктерден тұратын, атап айтсақ, заттық-образдық, ұғымдық және құндылық құрамдас бөліктерден тұратын көп құрылымдық бірлік деп анықтайды. В.И.Карасик концептінің тілдік қауымдастық пен индивидум үшін психикалық мәні мен маңызыдылығын оның құндылық компонентінен көреді.

З.Д. Попова мен И.А. Стернин концептінің өрістік құрылымын, өзегі мен перифериясын ажыратып көрсетеді. Концептінің көлемін оның қабаттары мен танымдық сипаттары құрайды. Н.Н. Болдырев болса, концептіні метафоралық түрде ұсынып, оның құрылымын қар дөңгелегі ретінде яғни жаңа концептуалдық сипаттары арқылы жаңа қабаттарымен кеңейе түсетінін айтады.

Мәдениетаралық коммуникацияда концептәлемдікөрудіңобразыретінде қарастырылады. Кадачиева Х.М., Абдулкадырова А.Б. өзінің «Ценностная концептосфера современных британских СМИ» атты зерттеуінде Англияның канцептосферасын үй, еркіндік, күлкі сезімі, джентльмендік, ұстамдылық, салт-дәстүр концептілері құрайды, ал орыс ұлтының канцептосферасын ұжымдық, сенім, ерік, махаббат, хаос константалары, неміс мәдени әлемінде реттілік, жұмыс, тиянақтылық секілді концептілер анықтайтындығын көрсетеді.

Жоғарыдағы әңгімелерді талдай келе, біз өз тарапымыздан қазақ халқының канцептосферасын құрайтын негізінен отбасылық салт-дәстүр концептілері екенін көреміз. Атап айтсақ, ұлттық тәрбиедегі құндылықтар – обал – сауап, қарғыс – алғыс, ұят, тектілік, жөн-жосық, кие, аманат, құт, парыз, борыш секілді концептілермен беріледі. Ал ұлттық өнердегі ептілік, байқампаздық, ерлік, құндылықтар – намыс, дода, бәйге, көкпар, салбурын секілді концептілер арқылы берілген.

Лингвисттер ұлттық концептілер мен канцептосфераның біршама субъективті екенін атап көрсетеді, сондықтан оларды дәл анықтау қиындық тудырғанымен, сипаттау арқылы көз жеткізуге болатынын аңғартады. Құндылықтар – норма және идеалдармен бірге адамзат мәдениетінің маңызды бөлігі. Құндылық философиялық, аксиологиялық, лингвистикалық әрі әдеби бірлік ретінде өзіне дейінгі ата-бабалардың өмірлік тәжірибесін бойына сіңіре отырып, белгілі бір ұлтың мәдениетінің көрсеткіші ретінде адамдардың жүріс-тұрысын бағыттаушы қызмет етеді, әрі олардың әрекет етуге итермелеп, адма өмірінің барлық салаларына әсер етеді. Яғни ұлттық мәдени концептілер суреткердің де тілі арқылы дүниенің психо-ментальді танымдық ерекшелігін көрсететіндігін байқаймыз.

Сонымен, қазіргі қазақ әңгімелерінің ішінде мейірім, жаны ашу, өзгенің пікірімен сана-су, төзімділік секілді адамгершілік құндылықтарды бүркемелеп қалатын заттық әлемдегі мәні бар десеп есептелетін псевдоқұндылықтарды да алға тартатындары кездеседі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бадмаева Ц.А. Этнокультурные ценности калмыков. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата философских наук. – Ставрополь 2007. – 23 с.
2. Сапаров Б.Б. Роль национального наследия и ценностей в формировании самосознания // <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-natsionalnogo-naslediya-i-tsennostey-v-formirovanii-samosoznaniya/viewer>
3. Худайбергенов Н.Д. Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамзаттық құндылықтар (1991-2017 жж.). Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 2020. – 150 Б.
4. Максимов Л.В. Этика и мораль: соотношение понятия // <https://iphras.ru/uplfile/root/biblio/em/em4/2.pdf>
5. Сейдімбек А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. – 465б.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

КІРІСПЕ СӨЗ ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО

| | |
|---|---|
| Ж.Қ. ТҮЙМЕБАЕВ ҚҰРМЕТТІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!..... | 3 |
| О.О. СУЛЕЙМЕНОВ ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛАҒАТТЫ АБЫЗЫ..... | 4 |

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ ПОЗДРАВЛЕНИЯ

| | |
|--|---|
| Т. МҰСАБАЕВ ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ: ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ТҰҒЫРЫ БИІК ДАРА ТҰЛҒАСЫ..... | 6 |
| И.И. АБЫЛҒАЗИЕВ МЕСТО И ЗНАЧЕНИЕ НАСЛЕДИЯ ЖАМБЫЛА ЖАБАЕВА В СОВРЕМЕННОМ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИИ»..... | 7 |

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

| | |
|---|----|
| Н. ҚАПАЛБЕКҰЛЫ ЖАМБЫЛТАНУДАҒЫ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ЖАМБЫЛДЫҢ АҚЫН ШӘКІРТТЕРІ..... | 8 |
| Ж. ДӘДЕБАЕВ ЖАМБЫЛДЫҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАТЫ..... | 31 |
| Т. ТЕБЕГЕНОВ ЖАМБЫЛТАНУ – ӘЛЕМ ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ ТҰЛҒАТАНУДЫҢ КӨРНЕКТІ САЛАСЫ..... | 37 |
| Н. АҚЫШ ЖАМБЫЛ ЖӘНЕ АРҚА АҚЫНДАРЫ..... | 41 |
| С. ӨМІРЗАҚОВ ЕКІ ҒАСЫР КУӘСІ – ЖАМБЫЛ АҚЫН..... | 46 |
| А. МАУЛЕНОВ ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АРҒЫҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫНЫҢ СІЛЕМДЕРІ..... | 53 |
| А.С. БҰЛДЫБАЙ ЖЫРАУЛЫҚ ӨНЕРДІҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ..... | 61 |
| С. ЖАМБЫЛОВА АҚЫНДАРДЫҢ АЛАТАУЫ..... | 71 |
| Б. ХИНАЯТ ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАЖАРСТАҢДА АУДАРЫЛУЫ, НАСИХАТТАЛУЫ ҚАҚЫНДА..... | 73 |

1. СЕКЦИЯ ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ӘЛЕМДІК ПОЭЗИЯМЕН ҮНДЕСТІГІ СОЗВУЧИЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ЖАМБЫЛА ЖАБАЕВА С МИРОВОЙ ПОЭЗИЙ

| | |
|--|----|
| Т. ТУРГУНАЛИЕВ ЖАМБЫЛ: ТӨКМӨ АҚЫНДЫҚТЫҢ КЕРЕМЕТИ. (ТИЗМЕКТЕР)..... | 78 |
| Ж. ОРОЗОБЕКОВА ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ЖАА КЫРГЫЗ АҚЫНДЫҚ ПОЭЗИЯСЫ..... | 83 |

| | |
|---|-----|
| М.К. КӨЛБАЕВА | |
| КЫРГЫЗ АҚЫНДАРЫ ЖАНА ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ | 89 |
| М. ЮХМА | |
| «НАС ПОЗНАКОМИЛ И ПОДРУЖИЛ ДЖАМБУЛ ДЖАБАЕВ...» (ДЖАМБУЛ ДЖАБАЕВ И ВЕЛИКИЙ ИСТОРИК Л.Н. ГУМИЛЕВ)..... | 93 |
| М. БОТТАЕВ | |
| ТОТ САМЫЙ АЛМАЗ..... | 96 |
| М. БЕППАЕВ | |
| СЛОВО О ВЕЛИКОМ АҚЫНЕ, НАРОДНОМ СКАЗИТЕЛЕ ДЖАМБУЛЕ ДЖАБАЕВЕ | 100 |
| С. ИНОЯТОВ, К. РАДЖАБОВ, Х. АРИПОВА | |
| ТВОРЧЕСТВО ДЖАМБУЛА ДЖАБАЕВА В ГОДЫ ВЕЛИКИХ ИСПЫТАНИЙ | 103 |
| С. ҚАСҚАБАСОВ, Н. ҚАПАЛБЕКҰЛЫ | |
| ЖАМБЫЛТАНУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР | 107 |
| Н. ОРАЗЛИН | |
| АЛДАСПАН ЖЫРДЫҢ АЛЫБЫ..... | 112 |
| М. МЫРЗАХМЕТОВ | |
| ҰЛЫЛАРДЫ ДӘУІР ТУҒЫЗАДЫ..... | 119 |
| М. МАҒАУИН | |
| ҰЛЫЛАР ТУАДЫ, БІРАҚ ЖАМБЫЛ ҚАЙТАЛАНБАЙДЫ..... | 123 |
| Д.Қ. ҚЫДЫРӘЛІ | |
| ҰЛЫ САРЫННЫҢ САРҚЫТЫ – ЖАМБЫЛ ЖЫРАУ | 128 |
| У. ҚАЛИЖАНОВ | |
| ЖАМБЫЛ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ..... | 132 |
| Ө. ӘБДИМАНҰЛЫ | |
| ЕЛДІК ПЕН ЕРЛІК ЖЫРШЫСЫ – ҰЛЫ ЖАМБЫЛ..... | 149 |
| Ж. ЕРҒАЛИЕВ | |
| ҚҰРАНМЕН БІРГЕ САҚТАЛҒАН БІР КІТАП | 157 |
| Ф. ОРАЗБАЕВА | |
| ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МҰРАСЫ..... | 162 |

2. СЕКЦИЯ
ЖАМБЫЛТАНУ МЕН ФИЛОЛОГИЯ ПӘНДЕРІН
ОҚИТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕСІ
ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ЖАМБЫЛЛОВЕДЕНИЯ
И ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН

| | |
|--|-----|
| Б. СМАНОВ | |
| ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚИТУ | 166 |
| Б. ЫБЫРАЙЫМ | |
| ЖАМБЫЛДЫҢ БЕЛГІСІЗ АЙТЫСТАРЫ | 173 |
| М.Б. ҮМБЕТАЕВ | |
| ЖАМБЫЛ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ | 178 |
| Н.Ж. НҰРПЕЙІСОВ | |
| ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖАМБЫЛТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... | 183 |
| М.М. ХАЛЫҚОВ | |
| ЖҮЗ ЖАСАҒАН ЖӘКЕҢНІҢ АМАНАТЫ | 188 |
| Р. ӘБДІҚҰЛОВА | |
| ЖАМБЫЛ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СУЫРЫПСАЛМАЛЫҚ ПЕН ШЕШЕНДІК | 192 |
| А.О. ТЫМБОЛОВА | |
| ЖАМБЫЛ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КОГНИТИВТІК СИПАТЫ | 196 |
| А. ТЕБЕГЕНОВА | |
| ЖАМБЫЛ АЙТЫСТАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК – ЭСТЕТИКАЛЫҚ СИПАТЫ..... | 200 |
| Ш.А. ШОРТАНБАЕВ, А.А. САЛЫҚБАЕВА | |
| ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ ТАБИҒАТТЫ ЖЫРЛАУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЖАҒАШЫЛДЫҚПЕН ОҚИТУ ТУРАЛЫ | 207 |
| Г.А. НАЙЗАБАЕВА | |
| ЖАМБЫЛДЫҢ ҰСТАЗЫ САРЫБАЙ БИ (САРЫБАЙ БИ АЙДОСҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 200 ЖЫЛ)..... | 211 |

| | |
|--|-----|
| Ж. ҚАДЫРОВ, С. ЖӘМБЕК, А. МҮСАПИРОВА ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖАМБЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖАҢАШЫЛДЫҚ | 215 |
| Р. ЖУМАГАЛИЕВ, А. ӘЛІМ, Р. БАБАХАНОВА ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – ПЕВЕЦ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ..... | 220 |
| А. ТӨЛЕУОВА, А. ЕРМАҒАНБЕТОВА ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ | 223 |

3. СЕКЦИЯ
ЖАМБЫЛТАНУДЫҢ БҮГІНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ
ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ
НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ ЖАМБЫЛОВЕДЕНИЯ
В ИССЛЕДОВАНИЯХ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

| | |
|---|-----|
| Ш.А. ШОРТАНБАЕВ, М.Ш. АМАНГЕЛДІ ЖАМБЫЛ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ МЕН ӨМІРШЕНДІК СЫРЫ..... | 227 |
| С. ӘШІМОВА ЖАМБЫЛДЫҢ СҮЙІКТІ ШӘКІРТІ..... | 232 |
| Г.А. НАЙЗАБАЕВА ЖАМБЫЛ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ФИБРАТТАР МЕН ӨНЕГЕЛІ СӨЗ ТОЛҒАМДАРЫ..... | 237 |
| А. ҚАЛШАБЕК АЛТЫН ҚҰСТАЙ ТАРАНҒАН..... | 242 |
| Д.Х. ТАМБЕТОВА, М.Н. ӨМІРБЕК, А.А. БОРАНБАЕВ ЖАМБЫЛ ҒҰМЫРЫ – ӨНЕГЕ..... | 249 |
| Г.Т. ОСПАНОВА ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӨҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІҢ ДӘРІПТЕЛУІ | 253 |
| А. ОРАЛБЕК ЖАМБЫЛДЫҢ ШӘКІРТІ – ӨБДІҒАЛИ САРИЕВ АҚЫН ЖАЙЛЫ | 262 |
| М. ДУСИМБАЕВА ЖАМБЫЛ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК РУХЫ..... | 267 |
| Д. АЙЖҮЗ ЖАМБЫЛ ЖЫРЛАҒАН СҰРАНШЫ БАТЫР | 269 |
| Л.А. АРАЛТАЕВА ЖАМБЫЛТАНУ МЕН ФИЛОЛОГИЯ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕСІ..... | 273 |
| Қ. УРАЗОВА МАЙЛЫҚОЖА, ҚҰЛЫНШАҚ, ПІРІМ ЕДІ БАС ҰРҒАН! | 276 |
| А.Д. АНЕРБАЙ ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР | 279 |
| С. ЖУМАДИЛОВА, Қ. УКЛИНОВА ҰЛТТЫҢ МӘҢГІЛІК ТҰЛҒАСЫ – ЖАМБЫЛ!..... | 283 |
| Ж. МУРАТҚЫЗЫ БАЛУАН ЖАЙЫНДАҒЫ БАЙЫПТЫ ШЫҒАРМА | 286 |
| К.Т. АХАН «ЖЫР ЖОЛБАРЫСЫ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ МИФТІК БЕЙНЕНІҢ ОБРАЗДЫҚ ПОЭТИКАСЫ..... | 288 |
| Ж. КЕМЕЛБАЙ ЖАМБЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЕР ӨТЕГЕН | 293 |
| К.С. АЙТМАҒАМБЕТОВА ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА АҚЫН ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ АДАМДЫҚ-АЗАМАТТЫҚ ТҰЛҒАСЫН ТАНЫТУ..... | 295 |
| Қ.Қ. МӘДІБАЙ, Қ.Т. МҰХАМАДИ ЖАМБЫЛДЫҢ АҚЫНДЫҚ ДӘСТҮРІ..... | 300 |
| Н.Қ. ҚАҒАЗБАЕВ, Ә.Қ. ҚАСЫМБЕКОВ ЖЫР АЛЫБЫ..... | 305 |

Ғылыми басылым

**ҰЛЫ АҚЫН ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ
175 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН
«ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ МҰРАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ
ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ» атты
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Алматы, 24 ақпан 2021 жыл

Редактор *А. Какимова*
Компьютерде беттеген *Ұ. Молдашева*
Мұқабасын безендірген *А. Айымбетов*

ИБ №14269

Басуға 23.02.2021 жылы қол қойылды. Пішіні 70x100 ¹/₁₂.

Көлемі 25 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1829

Таралымы 25 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.



9 786010 452145